

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ ЖАҢАША БОЛУЫ МАҢЫЗДЫ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 60 жылдық тарихы мен беделі бар жоғары білім ордаларының бірі. Сол жылдардан бері қалыптасып келе жатқан кітапхананың жұмысы да ауқымды.

Кітапханада заман талабына сай Ақпараттық білім беру орталығы (АББО) ашылып, жаңаша жұмыс қол жеткізді де. Бүгінгі таңда орталық университеттің жетекші құрылымдық бөлімі ретінде өзінің танытып, көп салалы кітап қорымен оқу-тәрбие үрдістерін және ғылыми ізденістерді ақпарат құжаттарымен қамтамасыз етуші білім беру орталығына айналуы соның дәлелі.

Оның қоры - 1.836.850 дана оқу-әдістемелік, ғылыми, мерзімді басылымдар мен электронды ресурстар жинақталған. Ал кітапхананың негізгі - кітап десек, кітап қорының жаңа әдебиеттермен, 450 атаулы мерзімді басылымдармен толықтырылып, материалдық-техникалық базасының жабдықталуына қажетті қаржы бөліп, жағдай жасап отырған ОҚМУ ректоры, техника ғылымының докторы, академик У. Бишімбаев бастаған университет басшылығы. Кітапханамыздың басты байлықтарының бірі университет ғалымдарының ғылыми еңбектері десек артық емес. 2002 жылдан бастап диссертация, авторефераттар қоры жинақталған ғылыми оқу залы - профессор-оқытушылар құрамына, аспирант, магистранттарға, студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарына қызмет көрсетеді. Ғылыми оқу залы қорындағы жаңа түскен басылымдар арасынан университеттің баспа орталығынан шыққан профессор-оқытушылар құрамының монографиялары, ғылыми еңбектері, оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары маңызды орын алады.

Орталық-іскерлік ынтымақтасытығы 71-ден аса Қазақстанның жоғары оқу орындарының кітапханаларымен, Ресей кітапсауда ұйымдарымен, баспаларымен, кітапханалық қоғам ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Ақпараттық білім беру орталығы Қазақстан Республикасы кітапханалары Ассоциациясының, Қазақстан Республикасы

жоғары білім ордаларының кітапханалары Ассоциациясының, Қазақстан кітапханаларының Ақпараттық консорциумы Ассоциациясының мүшесі.

Бюджеттен тыс қаржыландыру көздері арқылы, кітап қорын толықтыруға, жаңашылдыққа шығармашылықпен кірісіп, қол жеткізген жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Соның арқасында Сорос-Қазақстан қоры, Ашық қоғам институты, Британ Кеңесі, «Ednet» білім беру жүйесі, «Пушкин кітапханасы» мега-жобаларына қатысып гранттар жеңіп алынды.

Бүгінгі ақпаратты пайдаланушылардың интеллектуалдық деңгейі мен сұраныстары күрделі, мазмұны өзгерген. Осы орайда Ақпараттық білім беру орталығында ұйымдастырылған «Жоғары мектеп мәселелері» Орталығы - ХХІ ғасыр талаптарына сай, халықаралық деңгейде танылатын жоғары білікті мамандар даярлау, оқыту сапасын арттыру, білім беру мен оқытудың инновациялық технологияларын, шетел жоғары оқу орындары мен білім саласындағы интеграциялық байланыс және т.б. ақпараттарды жинақтап, университет басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамына хабарларды саралап жеткізу қызметін көрсетеді.

Компьютерлік инфрақұрылым кітапхана қызметіне түбейгейлі өзгеріс енгізуде. Арнайы жабдықталған электронды оқу залында жаңа электронды оқулықтар, оқыту бағдарламалары, ОҚМУ ғалымдары еңбектерінің мәліметтер қоры жинақталған. Кітапхана қорының жоғары сұраныстағы оқулықтарын электронды түрге ауыстыру жұмыстарын бастады да. Сондай-ақ құжаттарды электронды түрге жеткізу қызметі - қордағы мерзімді басылымдар мен жинақ беттеріндегі мақалалардың көшірмесін толықтай жеткізу қызметін жетілдіру кезеңінде тұр.

Университеттің корпоративті жүйесі арқылы «Кітапхана» папкасы ашылған, онда жоғары білім туралы жаңа ақпараттар (сапа менеджмент жүйесі, несиелік технология т.б.), ҚР Білім және ғылым министрлігінің заңды құжаттарының мәліметтер қоры (МҚ), EBSCO шет тіліндегі

ғылыми журнал мақалаларының МҚ, АББО «Жаңа түскен әдебиеттер бюллетенімен» т.б. танысуға болады.

Кітапхана өзінің қалыптасу кезеңінен бастап адамзаттың барлық мәдени құндылықтарын жинақтаушы, жеке тұлғаның рухани интеллектуалды дамуына тәрбиелік мәні бар іс-шараларды жүзеге асырушы Орталық ретінде, Елбасымыз Н. Назарбаевтың 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес бірегей құнды қолжазбалар мен басылымдар, шежірелерді жинақтауды қолға алды. Оған дәлел, Сирек кітаптар қоры оқу залының тұсаукесер рәсімінің етуі. Ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экономикалық басылымдардан құралған тамаша әдеби коллекциялардан тұратын кітап қоры электронды каталогқа енгізілген. «Көне кітапты аударған сайын бір ой табасың» демекші киелі кітаптарды ашып отырып, одан мол мағлұмат аласын.

Университеттің барлық мамандықтарының несиелік технологияға өтуіне байланысты оқу үрдісін оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету маңызды жауапкершілікті жүктейді, себебі негізгі акцент студенттердің өзіндік жұмысының рөлінің артуына көңіл бөлінуінде.

Алғаш рет мемлекеттік деңгейде, Елбасымыздың Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында білім беру жүйесінде оқулықтарды толықтыру және пайдаланудың аспектілеріне тікелей байланысты мәселелер қаралды. Жолдауда оқулықтарды саралау және сапалы сараптаудан өткізу қажеттігі атап көрсетілді. Пайдаланушылардың қажеттілігін, сұранысын анықтау міндеті жүктелді. Сараптау нәтижелері Қазақстан жоғары оқу орындарының кітап қорларында Ресей авторларының кітаптары, қазақстандық авторларының оқулықтарынан басымдығын көрсетті. АББО өткен оқулықтарды сапалы сараптау жұмысы жаңа буындағы қазақстандық оқулықтармен толықтырудың маңызды кезеңін белгіледі.

Бүгінгі таңдағы күрделі мәселелердің

бірі мемлекеттік тілдегі әдебиеттер қорын қалыптастыру мүмкіндігіне мемлекеттік тұрғыдан жол ашылды.

ҚР Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: техникалық, аграрлық, технологиялық, ве-

теринарлық мамандықтар бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы, жоғары оқу орындарындағы оқулықтардың, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің 50 %-ы жаңартуды талап етеді, - деп көрсетілген. Осы Бағдарламаға сәйкес, Ақпараттық білім беру орталығының 2005-2010 жылдарға арналған стратегиялық жұмыс жоспарында кітап қорын мемлекеттік тілдегі оқулық әдебиеттермен қамтамасыз ету ісіне ерекше көңіл бөлінді.

Күнделікті бақылауда қарастыратын оқытудың несиелік жүйесін жүзеге асыру мақсатында, білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сәйкес келетін білімді, кәсіби біліктілігі жоғары жастарды тәрбиелеуде университет кітапханасы - білімнің индикаторы деп санауға болады. Кітапханалық - ақпараттық үрдістерге енгізілген сапа менеджменті жүйесінің (ISO 9001:2000) талабы кітапхана қызметін пайдаланушылардың талап-тілектерін мониторингтік зерттеу, талдау арқылы олардың өскелең интеллектуалды сұраныстарын сапалы ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар ақпарат қоғамындағы кітапханалардың көрсететін дәстүрлі қызметтерінің бірі - ақпарат кеңістігіне жол ашу, білімді қалыптастыру, озық тәжірибелермен алмасу. Осы қызметке жаңаша көзқараспен қарап әлемдік ақпарат жүйесіне сәйкес жаңа мазмұнды кітапхананың көрсететін қызметтерін әлемдік сұраныс деңгейіне жеткізу - Орталықтың болашақтағы міндеті.

Болашақта кітапхана қызметінің сапасы мен дәрежесі ондағы кітап қорының санымен емес, кітапхана қорының ақпараттық құндылығымен, оның жаңаруымен және еліміздің біртұтас ақпараттық жүйесіне қосылу мүмкіндігіне байланысты болатынын естен шығармау керек.

А. ШОРТАНОВ, Г. МҮСАБЕКОВ,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ақпараттық білім беру орталығы